

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң жобасы) жобасы бойынша
Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Осы Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарының 18-тармағын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысымен бекітілген) іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасын реттеу мәні Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келеді.

I. Реттеушілік әсерді талдау бойынша (РӘТ)

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – КК) 82-бабының негізінде «егер мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізуді, реттеуді қатаңдатуды жоспарлаған болса, мемлекеттік органдар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс».

ҚР Төтенше жағдай министрлігін (бұдан әрі – ҚР ТЖМ) объектілердің өртке қарсы қорғаудың ерекшелігін көрсететін арнайы техникалық шарттарды қарау және келісу, объектіні пайдалануға қабылдау алдында оның өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды беру (66-2-бап), өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру жөніндегі функцияны беру (66-3-бап) біздің ойымызша, мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін реттеушілік әсерге талдау жүргізуді талап етеді.

КК 82-бабының 3-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құрал және (немесе) талаптар енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін және (немесе) реттеу қатаңдатылғанға дейін және қатаңдатылғаннан кейін реттеушілік әсерге талдау жүргізу туралы талап авариялардың, дүлей зілзалалардың және өзге де төтенше жағдайлардың **салдарларын еңсеру** жөніндегі мәселелерді реттеуге қолданылмайды.

Реттеушілік әсерге талдау жүргізу жаңа реттеуші құралды енгізудің және (немесе) талаптың, реттеуді қатаңдатудың міндетті шарты болып табылады.

Осыған байланысты келесі сұраққа назар аударуыңызды сұраймыз: Реттеушілік әсерге талдау (РӘТ) жүргізу заң жобасының жоғарыда

көрсетілген ережелері бойынша жүргізілді ме? Реттеушілік әсерге талдау (РӨТ) жүргізу жүргізілмеген жағдайда оны жүргізу керек.

II. 17 заңға түзетулер енгізуге қатысты

Заң жобасында 17 заңдарға түзетулер енгізу көзделгенін атап өтеміз, олардың кейбіреулерінде Заңның мақсаттары, міндеттері мен принциптері ашылмаған. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес заңдарда тиісті саланы (аяны) реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, құзыреттері мен өкілеттіктері белгіленеді.

Осы заң жобасында «Құқықтық актілер туралы» Заңның осы нормасын мына төмендегі заңнамалық актілерге қатысты іске асыруды ұсынамыз:

1) «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі», 2) «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі», 3) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы», 4) «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы», 5) «ҚР туристік қызметі туралы», 6) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы». 7) «Теміржол көлігі туралы», 8) «Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы», 9) «Құқық қорғау қызметі туралы», 10) «Мемлекеттік мүлік туралы», 11) «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы», 12) «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», 13) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», 14) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы», 15) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», 16) «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы», 17) «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы».

III. Тұжырымдамалық сипаттағы ұсыныстар

1. «Азаматтық қорғау туралы» заңда Заңның мақсаты ашылмаған. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес заңдарда тиісті саланы (аяны) реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, құзыреттері мен өкілеттіктері белгіленеді.

2. 3-бапта:

1) 1-тармақты мынадай негізгі міндеттерді қамтитын 12), 13), 14), 15), 16), 17) тармақшалармен толықтыруды ұсынамыз:

«12) төтенше жағдайлардан қорғану тәсілдеріне халықты оқыту;

13) халықты уақытша қоныстандыру, қорғаныс құрылыстарында паналау, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

14) материалдық және тарихи-мәдени құндылықтарды жойылу, ұрлау немесе бүліну қаупі төнген жағдайда оларды қауіпсіз аудандарға эвакуациялау;

15) төтенше жағдайлардан зардап шеккен аудандарда қоғамдық тәртіпті сақтау;

16) төтенше жағдайлардан зардап шеккен халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, гуманитарлық акцияларды өткізу;

17) азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.». *(«Азаматтық қорғау туралы» ТМД ПАА-ның 2019 жылғы 19 сәуірдегі модельдік заңына (бұдан әрі - Модельдік заң) сәйкес;*

2) 2-тармақты келесі негізгі принциптерді қамтитын 6), 7), 8), 9), 10), тармақшалармен толықтыруды ұсынамыз:

«6) гуманизм және мейірімділік;

7) заңдылық;

8) төтенше жағдайлар туындаған кезде адамдардың өмірін құтқару, денсаулығын сақтау және қоршаған ортаға келтірілетін зиян мөлшерін азайту міндеттерінің басымдығы;

9) Төтенше жағдайлар кезінде халықты және аумақтарды қорғау жөніндегі іс-шараларды алдын ала жүргізуі;

10) өткізілетін іс-шаралардың жеткіліктілігі мен қаржылық-экономикалық орындылығы». *(Модельдік Заңға сәйкес).*

3. Мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтыруды ұсынамыз:

«4-1-бап. Бейбіт уақытта азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеу режимдері», оған Заңның 4-бабы 5-тармағының екінші бөлігінен бастап ережелерді енгізе отырып.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыретін белгілеу мақсатында Заңның 3-тарауын мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтыруды ұсынамыз:

«10-1-бап. Президенттің азаматтық қорғау саласындағы құзыреті:

Қазақстан Республикасының Президенті:

1. азаматтық қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты айқындайды;

2. мемлекеттің бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше және әскери жағдай енгізу туралы шешім қабылдайды;

3. әскери жағдайды қамтамасыз ету кезінде азаматтарды соғыс қимылдары жүргізілетін аумақтан төтенше жағдай аймағынан, болжанатын зақымдану ошағынан қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру туралы шешім қабылдайды;

4. мемлекеттің заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді іске асырады.». *(Модельдік заңға сәйкес).*

5. 11-бапты мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) тармақшалармен толықтыруды ұсынамыз:

«3-1) азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді және орындауды ұйымдастырады;

3-2) халықты уақытша қоныстандыру және материалдық және тарихи-мәдени құндылықтарды қауіпсіз аудандарға эвакуациялау тәртібін айқындайды;

3-3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады». *(Модельдік заңға сәйкес)*.

6. 11-1-бапты алып тастауды ұсынамыз.

11-1-бапта азаматтық қорғау органдарының міндеттері көзделеді.

Осы бапта баяндалған міндеттерді уәкілетті органның құзыретіне Заңның 12-бабына көшіруді ұсынамыз.

IV. Редакциялық сипаттағы ұсыныстар

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң)

1. Заңның 1-бабында:

1) 2) тармақшадағы «іс-қимылдар» деген сөзді «кезек күттірмейтін жұмыстар» деген сөздермен ауыстыруды, «материалдық және» деген сөздерден кейін «тарихи-мәдени» деген сөзбен толықтыруды ұсынамыз. *(Модельдік заңға сәйкес);*

2) 12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) азаматтық қорғауды құлақтандыру жүйесі – халыққа, лауазымды адамдарға, азаматтық қорғауды басқару органдарына адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төнгені туралы, қалыптасқан жағдайда әрекет ету тәртібі туралы құлақтандыру сигналдары мен шұғыл ақпаратты жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында құлақтандырудың техникалық құралдарының, байланыс арналарының, хабар тарату желілерінің ұйымдық-техникалық бірлестігі.». *(Модельдік заңның нормаларын ескере отырып).*

3) 19) тармақша қазақ тілінде өзгеріссіз қалады;

4) (Заң жобасындағы) 61-3) тармақшаны жаңа редакцияда жазу ұсынылады:

«61-3) **егжей-тегжейлі** сейсмикалық аудандастыру (шағын аудандастыру) – аумақтарды сейсмикалық қауіптілік деңгейі бойынша жіктеу» (заң жобасының редакциясындағы 41-баптың 15-1-тармағын қараңыз).

2. 4-бапта:

1) 3-тармақтың 4) тармақшасы қазақ тілінде өзгеріссіз қалады;

2) 4-тармақтың 1) тармақшасы қазақ тілінде өзгеріссіз қалады;

3. 12-бапта 13) тармақша қазақ тілінде өзгеріссіз қалады.

4. 12-1-бапта:

1) 8-1) тармақша қазақ тілінде өзгеріссіз қалады;

2) 17-3) тармақшада

«номенклатура» деген сөзден кейін «және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының көлемі» деген сөздермен толықтыруды

ұсынамыз. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы шешім мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының көлемі өзгерген кезде де мүмкін деп санаймыз;

3) «оларды» сөзін «оны» сөзімен ауыстыруды ұсынамыз.

5. 13-бапта:

1) 11-5) тармақшадағы «номенклатура» деген сөзден кейін «және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының көлемі» деген сөздермен толықтыруды ұсынамыз;

2) 11-6) тармақшадағы «борыш пен тұрақсыздық» деген сөздерді «залалдар» деген сөзбен ауыстыруды ұсынамыз;

3) 11-10) тармақшадағы «жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару тәртібімен шығару» деген сөздерді «броньнан шығару» деген сөзбен ауыстыруды ұсынамыз; (Заңның 1-бабы 22-тармағын қараңыз);

4) 11-11) тармақшадағы «жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару тәртібімен шығару» деген сөздерді «броньнан шығару» деген сөзбен ауыстыруды ұсынамыз (Заңның 1-бабы 22-тармағын қараңыз);

«номенклатура» деген сөзден кейін «және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының көлемі» деген сөздермен толықтыруды ұсынамыз.».

6. Заңның 15-бабында 3-тармақты 3-1-тармақшамен толықтыруды ұсынамыз):

«3-1) төтенше жағдайлардан зардап шеккен халықты сумен, тамақ өнімдерімен бірінші кезекте қамтамасыз ету, медициналық көмек көрсету және басқа да қажетті шараларды қабылдау.».

7. Заңның 11,13,14,15,16,17,18-баптары қазақ тілінде өзгеріссіз қалады.

8. 19-баптың 3-тармағы қазақ тілінде өзгеріссіз қалады.

9. 21-бап қазақ тілінде өзгеріссіз қалады.

10. 23-баптың 3-2-тармағындағы «заңнамаға» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын.».

11. 66-2-бапта 3-тармағы қазақ тілінде өзгеріссіз қалады.

12. 66-3-бапта:

1) 14-тармақтағы «рұқсатты айыру» деген сөзді «рұқсатты кері қайтару немесе қолданысын тоқтату» деген сөздермен ауыстыруды;

2) 15-тармақтың 2) тармақшасында «мен» деген жалғау «немесе» деген жалғаумен ауыстыруды;

3) 15-тармақтың 3) тармақшасындағы «айыру» деген сөздерді «рұқсатты кері қайтару немесе қолданысын тоқтату деген сөздермен ауыстыруды ұсынамыз.».

13. 67-баптың 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15 - тармақтарында «аттестат» сөзі, ал 9 (екінші абзац), 12 және 16 – тармақтарында «рұқсат» сөзі қолданылады. «Рұқсат» сөзін «аттестат» деген сөзбен ауыстыруды ұсынамыз.

14. 93-баптың 4-тармағының екінші абзацындағы «жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын жаңарту» деген сөздерді «мемлекеттік резервті жаңарту» деген сөздермен ауыстыруды ұсынамыз (Заңның 1-бабы 44-тармақшасын қараңыз).

2) қазақ тілінде өзгеріссіз қалады.

15. 94-1-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды қою, сақтау және шығару тәртібі мемлекеттік резервтің **материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен сақтау көлемі өзгерген кезде қарыз алу тәртібімен** мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларында **және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен сақтау көлемі өзгерген кезде жаңарту және броннан шығару тәртібімен** мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларымен реттеледі».

2) 4-тармақтағы «ұйымдарын» деген сөзден кейін «реттеу» деген сөзбен толықтыруды ұсынамыз;

(«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес);

3) 5, 6, 7-тармақтарда «номенклатура» деген сөзден кейін «және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау көлемі» деген сөздермен толықтыруды ұсынамыз.

16. 94-2-баптың атауында «кәдеге жарату» деген сөзден кейін «жою» деген сөзбен толықтыруды ұсынамыз.

17. 96-1-баптың 2, 3-тармақтарында «номенклатура» деген сөзден кейін «және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау көлемі» деген сөздермен толықтыруды ұсынамыз.